






**Дипломалды тәжірибе**

**ҰЛТТЫҚ САРАПТАУ ЖӘНЕ  
СЕРТИФИКАТТАУ ОРТАЛЫҒЫ  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ОРТАЛЫҚ  
АППАРАТ**

**Орындағандар: Алпамыс Назым Насанов Мейірбек  
Махметкалиев Улыкбек Рахимбаева Дана Усипбек Меруерт**



«Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы»  
акционерлік қоғамы («УССО» АҚ) – стандарттау,  
метрология және өнімдерді, қызметтерді  
сертификаттау, менеджмент жүйелері мен  
тұтынушылардың талаптары мен олардың  
сұранысын барынша алдын ала қамтамасыздандыру  
саласында кешендік қызмет көрсету бойынша  
қазақстандық нарықтағы жылғыз кәсіпорын.



# Қысқаша тарихқа шолу

1923-1924 жыл

Омбы тексеру палатасының Семей бөлімшесі-Семей губерниясының мермайын жіберу үшін бір тастарды, безбендерді, сапты аяқтарды және өлшемдерді тексеретін Қазақстанның аумағындағы бірінші тексеру мекемесі. Қалған аумақта қызмет көрсету Қазақстаннан тыс орналасқан тексеру мекемелерімен жүзеге асырылды.





# 1925-1929 ЖЫЛ

Іргелес аймақтарда және Қырғыз АҚСР-да тексеру қызметтерін Алма-Ата, Петропавл, Орал, Ақтөбе және Фрунзе қалаларында орналасқан Семей өлшемдер және салмақтардың тексеру палатасының бөлімшелері.

## 1930-1949 жыл

Қарағанды, Шымкент, Ақмола, Өскемен, Қостанай, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар, Гурьев, Балқаш қалаларында орналасқан өлшемдер және салмақтардың тексеру палаталарының дербес бөлімшелері (өлшемдердің және өлшем құралдардың бөлімшелері).



**1950-1965 жыл**

**Өлшеу техникасы бойынша мемлекеттік бақылау зертханалары**

**Қызметтер ауқымын дамыту:**

- **Жаңа өлшеу түрлерін игеру;**
- **Жұмыс орындарында стандарттарды орнату және іс жүзінде міндетті түрде қолдану;**
- **Өлшеу техникасының күйін және қолдануды мемлекеттік бақылау.**

## 1966-1975 жыл

Стандарттар мен өлшеу техниканы мемлекеттік бақылау бойынша қазақ республикалық зертхана (Алма-Ата қаласы) және мемлекеттік бақылау зертханаларына (МБЗ) айналған облыстық мемлекеттік бақылау зертханалары.

Қызметтер ауқымын дамыту:

- Жаңа өлшеу түрлерін игеру;
- Өнімге техникалық шарттарды (ТШ) жетілдіру, сараптау және тіркеу.

## 1976-1990 жыл

Қазақ метрология және стандарттау орталығы (Алма-Ата қаласы) және кейін Қазақстандық стандарттау және метрология орталығына (ҚСМО) қайта аталған облыстық метрология және стандарттау орталығы.

Қызметтер ауқымын дамыту:

- Жаңа өлшеу түрлерін игеру;
- Қазақ КСР республикалық стандарттарын жетілдіру (ҚазКСР РСЖ);
- Нормативтік техникалық құжаттармен (НТҚ) қамтамасыз ету және оларды өзекті ету.



## 1991-1999 жыл

Облыстық орталықтарда 18 филиалыдары бар кейін «Қазақстандық стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы» РМК қайта аталған «Стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы» мемлекеттік кәсіпорындары (СМСО).

Қызметтер ауқымын дамыту:

- Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау;
- Қазақстан Республикасының сертификаттау саласындағы ережелерін әзірлеу (ҚР ЕЖ);
- Өнімдерді сертификаттау;
- Зертханаларда өнімдерді сертификаттық сынау;
- Батыс Қазақстан стандарттау, метрология және сертификаттау орталығының оқу орталығында (Орал қ.) өнімді сертификаттау, менеджмент жүйесі, сапа және экологиялық менеджмент саласының сарапшылар-аудиторларды оқыту;
- Тауарлардың шығуы туралы сертификаттарды беру.

## 2000-2004 жыл

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің аясында мемлекеттік бақылау бойынша дербес басқарманың мемлекеттік бақылауға қатысты міндеттерді ерекше көрсетумен «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» ААҚ.

Қызметтер ауқымын дамыту:

- Жаңа өлшеу түрлерін игеру;
- Гауһар металдардан және тастардан жасалған бұйымдарды сынау және таңбалау («Пробирная палата» филиалы);
- Сапа менеджмент жүйелерін ISO 9001 стандартына сәйкестікке сертификаттау;
- Мұнай және газды сертификаттау, сынау;
- Каталогтық өнім тармақтарын сараптау (КӨП).

## 2005-2007 ЖЫЛ

«Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ.

Қызметтер ауқымын дамыту:

- Филиалыдар аккредиттеу саласын кеңейту;
- Өндірістік нысандарды еңбек шарттары бойынша аттестаттау;
- Сәйкестік сертификаттарын беру үшін гауһар металлдардан жасалған зергерлік бұйымдарды сертификаттау, сынаудан өткізу;
- Ұйымдардың стандарттарын жетілдіру, сараптау (СТ).

2008-2010 жыл

«Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ.

Қызметтер ауқымын дамыту:

- SNAS Словакиялық ұлттық аккредиттеу қызметінде сәйкестікті растау бойынша органдарды және сынау зертханаларын аккредиттеу (Алматы және Батыс Қазақстан филиалыдары);
- Сынау зертханасын аккредиттеу («Пробирная палата» филиалы)

## 2011-2013 жыл

«Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ.

Қызметтер ауқымын дамыту:

- Заманауи журналдармен және берілген РСП жабдықтармен жабдықталған аккредиттелген НТР зертханаларда (Астана филиалы) азық түлік өнімдерінде генетикалық түрлендірілген көздерді анықтау (сынау);
- Асыл тас және жартылай асыл тастарды сараптау бойынша зертхана ашу.

Осы жылдардың ішінде өзгерістер көп болды: атауы, меншік нысаны, бағыныштылығы, қызметкерлер саны, зертханалар мен бөлімдер саны, территориялық орналасуы өзгеріске ұшырады, бірақ шешетін мәселелерінің мәні – кешенді түрде стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша қызметтер көрсетуге дайын болу – бұрынғыша болып қалды.

- Президент
- Әміріс бойынша вице-президент

• Қаржы және қаржылық талдау басқармасы

• Құқықтық және ұйымдастыру бөлімі

• Менеджмент жұмыстерін сәйкестігін растау басқармасы

- Техникалық баулау орталықтарының жұмысын координациялау бөлімі

- Метрологиялық жөндеу қызметі

- Метрология басқармасы

• Әнімдер мен қызметтердің сәйкестігін растау басқармасы

- Қаржы жұмыстар бойынша вице-президент

- Қаржылық есеп пен талдау департаменті

- Құқықтық және ұйымдастыру жұмысы басқармасы

- Экономикалық талдау және жоспарлау басқармасы

- Стратегиялық даму бойынша вице-президент



- Маркетинг және техникалық даму бөлімі

- Офис-менеджер

- Әкәмшілік-шаруашылық қызметі

- Полиграфия қызметі

• “ҰССО” АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ




# КОМПАНИЯНЫҢ КӨРСЕТЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРІ

## Сертификаттау

Өнімнің сапасы мен қауіпсіздігінің кепілі, бекітілген талаптарға сай екенін растайтын – сертификаттау, қауіпті өнімдердің нарыққа түсуіне тосқауыл жасайтын тиімді құрал болып табылады



Өнімдер мен қызметтерді  
сертификаттау



Менеджмент жүйелерін  
сертификаттау

# Менеджмент жүйелеріне сәйкестігін растау басқармасы

Менеджмент жүйелерін сертификаттау – бұл Ұйымның басқару жүйесінің белгілі стандарт талаптарына сәйкестік дәрежесін растау рәсімі.

Сапа менеджменті жүйесін сертификаттауға үміттенген ұйым тиісті аккредитеу саласы бар сертификаттау жөніндегі органға өтінімін, бастапқы ақпаратын, сауалнама парағын, сапа жөніндегі нұсқаулықты, сапа менеджменті жүйесінің құжаттарын жолдайды. Сапа менеджменті жүйесінің құжаттар құрамын менеджмент жүйелерін растау жөніндегі бөлім айқындайды.

Менеджменттің сертификатталатын жүйелері:

- сапа менеджментінің (СМЖ) ISO 9001 стандартының талаптарына,
- экологиялық менеджментінің (ЭМЖ) ISO 14001 стандартының талаптарына,
- денсаулық сақтау менеджментінің және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету (ДСМЖЕҚҚЖ) OHSAS 18001 стандартының талаптарына,
- тағамдық өнімдердің қауіпсіздік менеджментінің (ТӨҚМ) ISO 22000 стандартының талаптарына,
- энергоменеджменттің (ЭнМЖ) ISO 50001 стандартының талаптарына,
- ақпараттық қауіпсіздік менеджментінің (АҚМЖ) ISO 27001 стандартының талаптарына,
- жеткізілімдер қатарының қауіпсіздік менеджментінің (ЭнМЖ) ISO 28000 стандартының талаптарына.



**ISO 14001:2004**

**Экологиялық  
менеджмент  
жүйесі**

**ISO 9001:2008**

**Сапа  
менеджмент  
жүйесі**

**OHSAS 18001:2007**

**Кәсіптік  
қауыпсіздік  
және еңбек  
қорғау менеджмент  
жүйесі**

**Қоршаған ортаға кері  
әсерді төмендету,  
қалдықтар мен  
жарамсыз заттарды  
пайдалану**

**Тұтынушылардың  
талаптарын үнемі  
жақсарту мен  
қанағаттандыру**

**Өндірісте  
қауіп – қатер мен  
тәуекелді болдырмау  
және жою**

# СТАНДАРТТАУ

Стандарттау саласындағы қызметтер:

- стандарттарды актуалдандыру;
- стандарттау, метрология және сертификация (сәйкестендіру растау) бойынша жұмыстарды ақпараттық қолдау;
- техникалық регламенттердің, ұлттық стандарттардың, бастапқы ұлттық стандарттар мен ұйымдардың стандарттарының жобаларын өзірлеу кезінде тәжірибелік және әдістемелік көмек;
- стандарттау бойынша нормативтік құжаттардың жобаларына пікірлер дайындау;
- Қазақстан Республикасы ұйымдары стандарттарының жобаларын бекіту алдында тексеру;
- өнімдердің каталогтық парақтарын (ӨКП) жасау немесе тексеру;
- өнімдерді таңбалауды өткізу немесе тексеру;
- мәтіндер мен стандарттау бойынша нормативтік құжаттардың жобаларын аудару;
- кәсіпорындарды аймақтық және республикалық конкурстарға қатысуға – «Қазақстанның ең үздік тауары» көрмесі және Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алу үшін дайындау;



- кәсіпорындарды «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі (Орал қаласы) бойынша сайысқа қатысуларына дайындау;
- өнім сапасын сараптық бағалау (Алматы);
- қауіпсіздік паспорттарын әзірлеу және сараптау (Алматы);
- өлшеулерді орындаудың әдістемелерін метрологиялық аттестаттауға арналған құжаттарды сараптау (Алматы қаласы);
- өнертабыстарға, өндірістік сынамаларға, пайдалы модельдерге, тауарлық белгілерге қорғау құжаттамаларын алуға құжаттарды даярлау бойынша жұмыстар (Орал қаласы);
- кәсіпорындардың өтінімі бойынша семинарларды, дөңгелек үстелдерді, шығармашылық кештерді өткізу бойынша техникалық қызметтер көрсету (Қостанай);
- кәсіпорындардың өтінімі бойынша түптеу-брошюралау жұмыстарын жүргізу, құжаттардың көшірмелерін, буклеттерді, брошюраларды, жазба белгілерді (нақтырағында, өздігінен жабысатын), кафе мен мейрамханалардың ас мәзірлерін, ашық хаттарды, грамоталар мен мерейтойлық ашық хаттарды және басқа да полиграфиялық өнімдерді жасау (Астана, Қостанай, Орал).

# Метрoлoгия


**«ҰССО» АҚ-ның метрологиялық қызметі 1923 жылы құрылған және республикамыздағы тек алғашқы ғана емес, сонымен қатар ең ірі болып саналады. Ол еліміздің барлық аймақтарында орналасқан аккредитивтелінген 18 зертханадан тұрады және қарамағында 2 мың бірліктен аса жоғары дәлдікті эталондық жабдықтары мен 20 мыңнан астам бағыныңқы өлшеу құралдары мен өлшеу жарақтары бар.**

- Өлшемдердің бірлігін қамтамасыз ету саласындағы қызметтер:**
- өлшеу құралдарын тексеру, калибрлеу және жөндеу;
  - өлшеу, сынақтық және аналитикалық зертханалардағы өлшеулердің жағдайын бағалау;
  - өлшеуді орындау әдістемелерін аттестаттау;
  - техникалық құжаттамалардың метрологиялық сараптамасы.

# Сынама палатасы

## Қызметтер:

- сараптық тұжырымдамасымен бірге барлардың, меруерттердің, түсті асыл және өңдеуші тастардың диагностикасы;
- мемлекеттік бақылау мақсатында асыл тастарды идентификациялау;
- импорттық және отандық өндірістің бағалы металдары мен олардың қорытпаларынан жасалған зергерлік және тұрмыстық бұйымдарды сыннан өткізу және таңбалау;
- бағалы металдардың техникалық сараптамасын жүргізу;
- зергерлік бұйымдарды сынау;
- реактивтер жасау;
- бағалы металдарды, асыл және жартылай асыл тастарды және олардан жасалатын бұйымдарды шығару (әзірлеу) кезінде әдістемелік және кеңестік көмек көрсету;
- аналитикалық және сату мақсатында зертханалық жағдайда бағалы металдарды балқыту және тазарту;

- 
- ✓ бағалы металдардың сынықтары мен олардан жасалған бұйымдарды сатып алу және сату;
  - ✓ сынама таңбаларын әзірлеу және тану саласында халықаралық ынтымақтастыққа қатысу;
  - ✓ бағалы металдар мен олардан жасалған бұйымдарды шығару және техникалық сараптау саласындағы өнімдерді, қызметтерді және сапа жүйелерін сертифициттау бойынша органдарды аккредитивтеуге қатысу;
  - ✓ бағалы металдар мен олардан жасалған бұйымдарды сараптау саласындағы нормативтік (әдістемелік, жетекшілік және ұсыныстық) құжаттармен қатар, әкелу, сату, бағалы металл сынықтарынан жасалған бұйымдарды сатып алу ережелерін, бұйымдарды сынама таңбасымен таңбалау тәртібін, өнімді жасау кезіндегі шығын нормаларын, бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау, өңдеу, сақтау, тіркеу және тапсыру тәртібін, атаулы таңбаны тіркеу және беру тәртібін әзірлеуге қатысу.

# Геммологиялық зертхана

Аккредитивтелген геммологиялық зертхана тастарды аз уақыт ішінде физикалық және химиялық қасиеттері бойынша, сонымен қатар арнайы геммологиялық микроскоп арқылы көзбе-көз идентификациялауға мүмкіндік беретін ең жаңа геммологиялық жабдықтармен жабдықталған. Жоғары білікті мамандар мен сарапшы-аудиторлар асыл және жартылай асыл тастардың геммологиялық сараптамасын өткізуге дайын: ауызша және кенес беру түрінде; зерттелетін объектінің суретінсіз, сапасы мен тазалығы көрсетілген ұзындық өлшемдерін, геометриялық параметрлерін, салмағы және идентификациясын растаумен қысқаша сараптық тұжырым беру арқылы; зерттелетін объектінің суретімен, ұзындық өлшемдерін, геометриялық параметрлерін, салмағы және идентификациясын растаумен, сонымен бірге зерттелетін сынамаға пікірмен толық сараптық тұжырым беру арқылы.

Асылтастар - табиғиалмас, зүбәржат, лағыл, жақұтжәне александрит, сондай-ақшикі (табиғи) жәнеөңделгентүрдегітабиғиінжу, бірегейкәріптастүзілімдеріасылтастарғатеңестіріледі;

Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды сараптау (сәйкестендіру) - бағалы металдардың, оның ішінде өңделмеген табиғи алмастың, бағалы металдардан және асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдардың сапалық-түстік, сандық және құндық сипаттамаларын айқындау (асыл тастар үшін), уәкілетті органның таңба бедерлерінің төлнұсқалығын тексеру;

Таңбалау - бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарға сынамалық таңба бедерін салу;

Тексеру барысында басқа, сынамалық таңба және тіркелген таңба өндіруші тексеріледі:

- зергерлік бұйымдарға қосымша бағалы емес тастарды ендіру туралы ақпарат
- уәкілетті ұйым қорытындысыныңсараптамасы;
- Қазақстан Республикасының аумағына кіргенде берілетін мемлекеттік бақылау актісі.




# Государственные пробирные клейма Казахстана

ЗОЛОТО



серебро



платина



палладий



# Тауардың шығу тегін сараптау

Тауардың шығу тегі туралы сертификат жеңілдікті кеден салығын қолдануға немесе одан толығымен босатылуына, сонымен қатар әкелінетін тауарды импортшы елде кез келген шектеуге жатпайтынын идентификациялауға мүмкіндік береді. Бұл жеңілдіктер төмендегілерге әсер етеді:

- экспортталатын тауардың бағасына;
- көтерме сада бағасына;
- тұтынушыларға арналған бағаға;
- нарықта ұсынылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне.

СТ-1 формасындағы сертификат ТМД елдерімен сауда жасағанда кеден салығы төлемінен толығымен басатады. А формасындағы сертификат ЕО елдерімен сауда жасағанда кеден салығын төмендету құқығын береді немесе кеден салығынан босатады.

«ҰССО» АҚ-ның филиалдары экспортқа және реэкспортқа, сонымен бірге ішкі айналымға арналған тауарлардың шығу тегі туралы төмендегі формаларда сертификатты рәсімдеуге тауардың шығу тегіне сараптау жүргізеді:

**«СТ-1»** - Қазақстаннан ТМД елдеріне шығарылатын тауарлар;

**«СТ-2»** - Қазақстаннан, ТМД елдерінен басқа, еркін сауда туралы келісім жасасқан және күшіне енген елдерге шығарылатын тауарлар;

**«А»** - Еуропалық одақтың мүше елдеріне, сонымен бірге Преференцияның жалпы жүйесінің аясында АҚШ, Канада, Жапония, Түркия, Австралия, Жаңа Зеландия, Швейцария мен Лихтенштейн, Норвегия елдеріне экспортталатын тауарлар;

**«Оригинал»** - ағылшын немесе орыс тілдерінде (өтініш берушінің анықтауы бойынша), жоғарыда аталмаған басқа елдерге шығарылатын тауарлар;

**«СТ-KZ»** - ішкі айналымдағы тауарлар үшін.

Тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін жасау және беру тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 қазандағы №1647 қаулысымен бекітілген Тауар шығарылған елді анықтау, тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін жасау және беру әрі тауардың шығу тегі туралы сертификатты рәсімдеу, куәландыру және беру жөніндегі ережесінде анықталған.

# Сынау

Сынау – өнімді объективті және шынайы бағалау. «ҰССО» АҚ-ы филиалдарының заманауи жабдықтармен жабдықталған сынақтық зертханалары, өнімдердің, өтініш берілген аккредитация саласына сәйкес қауіпсіздігі мен сапасын анықтайды.

# Генетикалық модификация ағзалар (Астана)

Астанада жаңа құрылымдық бөлімше  
аккредитивтелінді, бұл – ПТР (полимераздық  
тізбектік реакция) зертханасы, онвғ негізгі  
мақсаты – тамақ өнімдеріндегі генетикалық  
модификацияланған көздерді анықтау. ПТР-  
зертханасы заманауи аспаптармен және  
Real-time PCR жабдығымен жабдыкталған және  
сынамадан қысқа уақыт ішінде ГМА-дың белгілі  
нұрлерін анықтауда көшбасшы болып  
қалады. Мамандардың осы аспаптармен  
жұмыс істеуге рұқсат беретін сертификат  
сынақты сапалы және уақыты  
қоғамдық береді.

# Автокөліктің техникалық байқауы

Автокөліктің техникалық күйі – оның қауіпсіз қолданудың маңызды құрамдас бөлігі. Жолда болатын қайғылы оқиғалардың көбі автокөліктің ақаулығынан болады, бірақ техникалық күйін тексеріп, техникалық байқаудан өткенде, көптеген күтпеген жағдайлардың алдын алуға болады


Техникалық байқау – автокөлік құралдарының техникалық күйін, сонымен қатар олардың бөліктерін, қосымша жабдықтарының бұйымдарын, автокөлік құралдарын:

жеңіл автокөліктерді,  
автобустарды,  
жүк автокөліктерін,  
тіркемелерді

жол қозғалысына қатыстыру мақсатында, көлік құралдары қауіпсіздігінің міндетті талаптарына сәйкестігін тексеру.

Тө

## Тексеріле



ДТ  
Др  
Др  
Др

және қарау;  
және жағын шолу;  
құралдары;  
ктер, шиналар, аспалар;  
анылған газдың құрамындағы зиянды  
дың мөлшері;  
ығардың бекіткіштері мен шас  
тарының күйі мен қызметі;  
бдықтардың (қауіпсіздік белдемшесі, ертіретін  
дәрікүты, өрт сөндіргіш құралдары т.с.).

# Полиграфия саласындағы қызметтер:

- буклеттерді, дайджесттерді, ақпараттық материалдарды, күнтізбелерді және басқаларды әзірлеу;
- А3 форматына дейін лазерлік баспа;
- түсті суреттерді басып шығару; [poligrafianaceks@mail.ru](mailto:poligrafianaceks@mail.ru)
- презентациялық бейне роликтерді жасау (Қостанай);
- пластик және металл серіппелермен брошюрлеу;
- тираждау;
- А3 форматына дейін көшірме жасау;
- А3 форматына дейін фольгалау;
- А3 форматына дейін ламинирлеу;
- графикалық дизайн (баспа өнімдерінің, логотиптердің макеттерін) әзірлеу;
- түптеу жұмыстары;
- ксерокс қызметтері.



# “ҰССО” АҚ бөлімшелері

“ҰССО” АҚ  
Ақмодалық  
бөлімшесі

“ҰССО” АҚ  
Ақтөбелік бөлімшесі

“ҰССО” АҚ  
Алматылық  
бөлімшесі



НАЦИОНАЛЬНЫЙ

“ҰССО” АҚ Астана қалалық  
бөлімшесі



“ҰССО” АҚ АСТАНАЛЫҚ БӨЛІМШЕСІ

“ҰССО” АҚ АТЫРАУЛЫҚ БӨЛІМШЕСІ


“ҰССО” АҚ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
БӨЛІМШЕСІ



“ҰССО” АҚ Жамбыл бөлімшесі

“ҰССО” АҚ Жезқазған бөлімшесі

“ҰССО” АҚ Батыс Қазақстан бөлімшесі





“ҰССО” АҚ Қарағанды  
бөлімшесі



“ҰССО” АҚ Қостанай  
бөлімшесі



“ҰССО” АҚ Қызылорда  
бөлімшесі

# “ҰССО” АҚ МАҢҒЫСТАУ БӨЛІМШЕСІ

# “ҰССО” АҚ ПАВЛОДАР БӨЛІМШЕСІ



# “ҰССО” АҚ СӨТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН БӨЛІМШЕСІ





**“ҰССО” АҚ Талдықорған бөлімшесі**



**“ҰССО” АҚ Семей бөлімшесі**



**“ҰССО” АҚ Оқтүстік Қазақстан бөлімшесі**



**АО "НаЦЭкС"**

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА  
РАХМЕТ!